

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ  
Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті

*Инфляцияның түрлері,  
типтері және инфляцияға  
қарсы саясат*

*Орындаған: Касейнова Гулям  
ТППЖ-201  
Тексерген: Жумабаева Айгул*

# *Жоспар:*

## *I Кіріспе*

*Инфляцияға жалпы сипаттама*

## *II Негізгі бөлім*

*1. Инфляцияға әсер етуші себептер*

*2. Инфляция түрлері мен типтері*

## *III Қорытынды*

*Инфляцияға қарсы саясат*

*Экономикалық құбылыс ретінде инфляция ұзақ уақыт өмір сүруде. Оның пайда болуын ақшаның шығуымен байланыстырады. Инфляция термині латын сөзі – inflatio – қампаю, тұңғыш рет Солтүстік Америкада 1861-1865 жылдардағы азамат соғысы кезінде пайда болып, айналымға қағаз ақшаның тым көбейіп кетуі процесін білдірген. XIX ғасырда бұл термин Англияда, Францияда қолданыла бастады.*

*Инфляцияның анықтамасы – айналымға ақша массасының қажеттіліктен тыс артып кетуі. Бұл ақша өлшемінің құнсыздануына және тауар базаларының соғұрлым өсуіне әкеледі. Инфляция тауар базаларының өсуінен көрінгенмен, ол тек қана ақшаға тән “зажайып” құбылыс емес.*

*Ол күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс, оны тудырушы нарық шаруашылығының түрлі саласындағы ұдайы өндіріс сәйкестілігінің бұзылуы.*



*Инфляция дүниежүзіндегі көптеген елдердің экономикалық өміріндегі ең өткір проблемаларының бірі.*



*Ақша тауарларды сатып алу қабілеті күшті валютамен салыстырғанда құнсызданады. Ең алдымен бағаның өсуі тауарға сұраныстың оның ұсынысынан артық болуымен байланысты. Белгілі тауар нарығында сұраныс пен ұсыныстың сәйкестілігінің бұзылуы инфляция емес. Инфляция елдегі баға деңгейінің өсуі.*

# *Инфляцияға әсер етуші ішкі себептер:*

*Импорттық  
байланыс*

*Мемлекеттік  
шығыстар мен  
кірістердің теңе-  
теңдігінің бұзылуы*

*Жалақының өсуінің  
еңбек өнімділігінің  
өсуінен ашақтығы*

*Ірі корпорациялар,  
фирмалар мен  
кәсіпорындардың  
монополиясы*

*Тауар  
тапшылығы*

*Қағаз ақшалардың  
эмиссиясына  
бақылаудың болмауы*

*“Инфляцияны  
күту”*

*Несие үшін  
жоғары  
проценттер*

*Салық*



# *Инфляцияға әсер етуші сыртқы себептер*

*Банктермен  
ұлттық  
валютаның  
шетелдік  
валютаға  
айырбасы.*

*Әлемдік  
құрылымдық  
дағдарыстар  
(шикізаттық,  
энергетикалы  
қ, азық-  
түліктік және  
экологиялық).*

## *Қазақстан Республикасындағы өтпелі кезеңдегі инфляция себептеріне мыналарды жатқызуға болады:*

- *- Ұлттық экономикада өндірістің терең құлдырауынан болған тауар тапшылығы;*
- *- өндірілген өнімдерге энергетиканың, материалдардың, еңбектің жоғарғы мөлшерде жұмсалуды;*
- *- өз тауарлары мен қызметтеріне бағаны негізсіз көтеруге мүмкіндік берген жеке тауар өндірушілер монополизмі;*
- *- мемлекеттік бюджеттің тапшылығы, оны бүркемелеу үшін мемлекет қағаз ақша шығарады;*
- *- мемлекеттің өнімсіз шығындарының жоғары деңгейі;*
- *- басқа мемлекеттердегі экономикалық дағдарыстың ықпалы.*

# *Инфляцияның баламалы көздері*

- *Батыс экономистері жасаған теорияларда инфляцияның альтернативті қайнар көздері ретінде сұраныс инфляциясы мен шығындар инфляциясын көрсетеді.*

# Сұраныс инфляциясы

- *Сұраныс пен ұсыныстың арақатынсының бұзылуы сұраныстан көрінеді. Мұндағы негізгі себептер: мемлекеттік тапсырыстардың ұлғаюы, толық жұмыспен қамтылған кездегі өндіріс құрал-жабдықтарына сұраныстың өсуі, өндірістік қуаттардың толық жұмыс істеуі, кәсіподақтар әрекетінің нәтижесінде еңбекшілердің сатып алу қабілетінің жоғарылауы т.б.*

# *Шығындар инфляциясы*

- Бағалардың өсуін, өндіріс шығындарының ұлғаюымен түсіндіріледі. Шығындардың көбеюі баға белгілеудің олигополиялық тәжірибесінен, мемлекеттің экономикалық және финанстық саясатынан, шикізат бағасының өсінен, кәсіподақтың жалақыны көтеру талабынан және т.б. болады.*

*Соңғы кездерге дейін дүниежүзілік шаруашылықта инфляция, әдетте, төтенше жағдайларға байланысты пайда болатын еді. Мысалы, соғыс жылдарында мемлекеттер әскери шығындарын жабу үшін көп көлемде қағаз ақшаларды шығаруға мәжбүр болды.*



# *Инфляцияның түрлері*

*Ашық  
инфляция*

*Басыңқы  
инфляция*

# *Ашық инфляция*

- *Еркін баға құрылымы экономикасына тән және туар мен қызмет көрсетуге үнемі бағаның өсуін байқатады. Егер макроэкономикалық тепе-теңдік сұраныс жағына қарай өзгерсе және тұрақты бағаның өсуімен байталса, онда мұны ашық инфляция деп атаймыз.*





# *Басыңқы инфляция*

- Оны кейде жасырын инфляция деп те атайды. Ол жалпылама мемлекеттің бағаны бақылауымен жүзеге асатын инфляция. Басыңқы инфляция мемлекеттің бағаны сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігінен төмен болуын қолдау арқылы пайда болады.*



# *Инфляцияға қарсы саясат*

- Бұл инфляцияны төмендетуге бағытталған мемлекеттік реттеу құралдарының жиынтығы. ХХ ғ. 60 жылдарынан бастап бағыны тікелей және жанама түрде реттеу мақсатымен барлық экономикаға ортақ шаралар қолданыла бастады.*



*Инфляция дегеніміз – тауар  
бағаларының бір жыл ішінде өзгеруін  
сипаттайтын шама*



*Назарларыңызға рахмет!*